



**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және
құқық қорғау органдары комитеті**

(Комитет)

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

20 ____ жылғы _____

от _____ 20 ____ года

№ _____

**Заң білімінің сапасын арттыру
жөніндегі ведомствоаралық жұмыс
тобы жұмысының қорытындысы
бойынша Комитет отырысының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Алматы қ.

6 мамыр 2022 жыл

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті (бұдан әрі – Комитет) заң білімінің сапасын арттыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының жұмыс қорытындыларын тыңдап, мынадай қорытындыға келді.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында білім беру сапасын арттыруға ерекше көңіл бөледі.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында заңгерлік білім беру жүйесін жаңғырту қажеттігі туындағаны атап өтілді. Сондай-ақ, Қазақстанның құқықтық жүйесінің тұрақты дамуының қағидатты шарты болып табылатын заң білімінің сапасын қалпына келтіру қажеттілігі көрсетіледі.

Заң білімінің сапасын арттыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 33 бұйрығымен ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамына мемлекеттік органдардың, жетекші жоғары оқу орындарының, заң қоғамдастығының өкілдері және құқықтанушы ғалымдар кірді.

Құқықтану саласындағы біліктілік және құзыреттілік деңгейіне қойылатын талаптарды айқындау үшін Қазақстандық заңгерлер одағы Нұр-Сұлтан қаласының заң консультанттары палатасымен және басқа да мүдделі тараптармен бірлесіп «заңгер» кәсіби стандартының жобасын әзірледі.

Заң кадрларын сертификаттау үшін кәсіби қоғамдастықтармен - жұмыс берушілермен Қазақстан заңгерлер одағының жанынан заңгерлерді сертификаттау орталығы құрылды және «Атамекен» ҰКП мамандарды сертификаттау орталықтарының тізілімінде тіркелді. Бұл Орталық М.Нәрікбаева атындағы КазГЮУ базасында оқу-әдістемелік бірлестіктің әдістемелік қолдауымен құрылды.

Заң мамандықтары бойынша сапасыз білім беру қызметтерін ұсынатын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды күшейту мақсатында тиімсіз жоғары оқу орындарын жабу жүргізіледі. Егер 2019 жылы заң кадрларына 72 ЖОО даярлайтын болса, бүгінде олардың саны 60-ге дейін қысқарды.

Заң білімінің сапасын арттыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы жұмысының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің баяндамасы назарға алынсын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- заң білімінің сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- ведомствоаралық жұмыс тобының ұсынымдары және осы отырыста айтылған ұсыныстар заң кадрларын даярлау сапасын арттыру бойынша қолданыстағы заңнамаға түзетулерді әзірлеу кезінде ескеру қажет.

Орындалу туралы ақпарат 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін ұсынылсын.

Комитет төрағасы

В. ВОЛКОВ